

## Көкшетау қаласында қоғамдық көліктे (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санатының жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгілеу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы № А-8/1531 қаулысы және Ақмола облыстық Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамыздағы № С-36/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 қыркүйекте № 7350 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 13 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Көкшетау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкшетау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Көкшетау қаласы азаматтарының жекелеген санатының жол жүру төлеу бойынша жеңілдік белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне - тегін жол жүру;

2) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизаның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына) - тегін жол жүру;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – тегін жол жүру;

4) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – тегін жол жүру;

5) Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстай орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға - тегін жол жүру;

6) төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар аналарға – тегін жол жүру;

7) көп балалы аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп жасындағы балаларға – тегін жол жүру;

8) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, сондай-ақ мүгедектігі бар бала күтімін жүзеге асыратын адамдарға (жәрдемақы алушыларға) – тегін жол жүру;

9) Көкшетау қаласының құрметті азаматтарына – тегін жол жүру;

10) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне – тегін жол жүру;

11) 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға – тегін жол жүру;

12) мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына, саяси қуғын-сүргіндерден зардал шеккендерге – тегін жол жүру;

13) 2 топтағы көрү қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалған қамқоршыларға – тегін жол жүру;

14) Социалистік Еңбек Ерлеріне және "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға - тегін жол жүру;

15) 2, 3 топтардағы есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға – тегін жол жүру.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 28.05.2024 № A-5/658 қаулысы және Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 28.05.2024 № С-12/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Көкшетау қаласы азаматтарының жоғарыда аталған санаттарына дербестендірілген жеңілдік карталары ұсынылсын.

3. "Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бірлескен Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулысынан және Көкшетау қалалық мәслихатының шешімінен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қаржыландыру көзі қалалық бюджет болып анықталсын.

5. Осы бірлескен Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулысы және Көкшетау қалалық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қаласының  
әкімі*

*A.Смайлов*

*Алтыншы шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының 36-шы  
кезектен тыс сессиясының  
төрайымы*

*Ә.Шаримова*

*Алтыншы шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*Ж.Абашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК